

Бюджетпен бір күндік талон алу арқылы есеп айырысатын жеке тұлғалар үшін ұсынылған біркүндік алым ставкалары туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 3-9 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай ауданындағы әділет басқармасында 2008 жылғы 22 қаңтарда N 5-5-67 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 тамыздағы № 6-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2012.08.21 № 6-4 шешімімен (ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 6-бабының негізінде Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының 12 маусымдағы 2001 жылғы № 209-ІІ “Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы” салық Кодексінің 373-бап, 2-ші бөліміне сәйкес бюджетпен бір күндік талон алу арқылы есеп айырысатын жеке тұлғалар үшін ұсынылған бір күндік алым ставкалары **б е к і т і л с і н .**

2. 2008 жылға бюджетпен бір күндік талон алу арқылы есеп айырысатын жеке тұлғалар үшін талон ставкалары төмендегідей болып белгіленсін:

Мүйізді ірі қара малын бағатындар үшін:

- 1) 100 бас мүйізді ірі қараға дейін – 50 теңге;
- 2) 100 бас мүйізді ірі қарадан, 150 бас мүйізді ірі қараға дейін – 70 теңге;
- 3) 150 бас мүйізді ірі қарадан, 200 бас мүйізді ірі қараға дейін – 100 теңге;
- 4) 200 бас мүйізді ірі қарадан, 250 бас мүйізді ірі қараға дейін – 150 теңге;
- 5) 250 бас мүйізді ірі қарадан жоғары – 200 теңге.

3. Аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 24 мамырдағы № 37-6 “Бюджетпен бір күндік талон алу арқылы есеп айырысатын жеке тұлғалар үшін ұсынылған бір күндік алым ставкалары туралы”(14.06.2007 жылғы мемлекеттік тіркеу нөмірі № 5-5-57, “Абай елі” № 11-12 (019-020) 1 маусым - 1 шілде, 2007 жылғы) шешімнің **к ү ш і ж о й ы л с ы н .**

4. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі және Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаменті Абай ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен

б а с т а п

к ү ш і н е

е н е д і .

Сессия төрағасы

М.Әубәкірұлы

мәслихатының хатшысы

*А б а й
Т.Аманғазы*

а у д а н д ы қ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК